«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан, №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

28.04.2018 ж. № 02-08/1080

«ABACom» ЖШС-не
Ақтау қ. 31Б ш/а, 16 үй, 64 пәтер
87785552581

Манғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті Сіздің 2018 жылдың 12 сәуірдегі шағымыңызды қарастырып келесіні хабарлайды.

Бейнеу селосында газ құбырларын салу (Мендіқұл батыр көшесі) №2238910-1 санды конкурстың мемлекеттік сатып алу заңнамаларының сақталуына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде шағымыңызда көрсетілген мәселелер өз дәлелін таппады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 9 бабының 3 тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады.

Сонымен қатар, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 155 тармағында, егер әлеуетті өнім берушінің бас мердігер ретінде жұмыс тәжірибесі болған жағдайда, конкурстық комиссия сатып алынатын жұмыстар нарығында әлеуетті өнім берушінің тәжірибесі болуының әрбір жылы үшін, оның ішінде конкурс мәні болып табылатын жұмыстардың осындай (ұқсас) түрлері бойынша бір пайыз (1 %) мөлшерінде шартты жеңілдік береді делінген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 4 қосымшасы Конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының ескертуінің 3 тармағына сәйкес, егер конкурстың нысанасы жаңа объектілер салу, сондай-ақ бар объектілерді кеңейту, техникалық қайта жасақтау, жаңғырту, реконструкциялау, қайта жаңарту және күрделі жөндеу болып табылған жағдайда **орындалған жұмыстарды қабылдау және объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің**

электрондық көшірмелері жұмыс тәжірибесін растаушы құжат болып табылады.

Сондықтан, «ABACom» ЖШС-нің конкурсқа қатысу өтінімінде жұмыс тәжірибесін растаушы құжат **объектіні пайдалануға қабылдау актілерінің электрондық көшірмелері** ұсынылмағаны анықталды.

«МаңғыстауИнфраструктура» ЖШС-гі тарапынан жалған құжат ұсынылғаны туралы факті дәлелін таппады.

Алайда, «Радифон» ЖШС 2018 жылдың 17 сәуіріндегі №09RAD хатымен аталған конкурсқа «МаңғыстауИнфраструктура» ЖШС-мен қосалқы мердігер ретінде шарт және конкурстық құжаттаманың 10 қосымшасы жасақталғанын хабарлап құжаттар көшірмелерін жолдады.

Сонымен қатар, «МаңғыстауИнфраструктура» ЖШС-гі конкурсқа негізсіз жіберілгені анықталды.

Анықталған бұзушылықтарды жою үшін хабарлама жіберілді.

Егер, қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда, Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұдғалалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12 бабына сәйкес, шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Қосымша: 1 бетте.

Департамент басшысы **С.Қасымов**

Орынд.Д.Рамазанов
87292319092

РАДИФОН
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

130000, ҚР, Ақтау қ, 29 шағын аудан, 27 үй, №2 кеңсе;
тел: 8 (7292) 29 05 06; 8 (702) 815-55-57;
БИН: 131140019687
р/с: №KZ828560000006279267
Ақтау қаласының филиалы АҚ «Банк Центр Кредит»
БИК KCJBKZKX

РАДИФОН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

130000, РК, г.Актау, 29 микрорайон, 27 дом, офис №2;
тел: 8 (7292) 29 05 06; 8(702) 815-55-57;
БИН: 131140019687
р/с: №KZ828560000006279267
филиал АО «Банк Центр Кредит» в городе Актау,
БИК KCJBKZKX

Маңғыстау облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті басшысы
С.Қасымовқа

Шығыс.№09RAD/17.04.2018 ж.

«Радифон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - ЖШС) Сіздің 2018 жылғы 13 сәуірдегі шығыс №02-09/842 және 2018 жылғы 16 сәуірдегі шығыс №02-09/864 хатыңызға сәйкес «Бейнеу селосында газ құбырларын салу» мемлекеттік сатып алу конкурстары бойынша«Радифон» ЖШС-мен қосалқы мердігер ретінде жасақталған келісім шарттар бойынша келесі ақпаратты жолдайды:

Ұйымның атауы	**Қосалқы мердігер ретінде шарт жасақталған немесе жасақталмаған конкурс**	
	Конкурс №2238945-1, лот№ 17378367-ОК1	Конкурс №2238910-1, лот № 17372730-ОК1
«МанғыстауИнфраструктура» ЖШСБСН: 060640011443	**Келісім шарт жасақталмаған**	Келісім шарт жасақталған №RAD02-47/18, 07.02.2018ж.
«Design School» ЖШС БСН: 041240006601	Келісім шарт жасақталған №RAD02-42/18, 06.02.2018ж.	Келісім шарт жасақталған №RAD02-41/18, 06.02.2018ж.
«Abacom» ЖШС БСН: 050440019162	**Келісім шарт жасақталмаған**	Келісім шарт жасақталған №RAD01-23/18, 25.01.2018ж.

Сонымен қатар конкурстық құжаттаманың 10 қосымшасы және аталған жұмыстарды атқаруға ұйымдармен жасақталған келісім шарттар көшірмелерін жолдайды.

Ескерту: Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIIIАзаматтық Кодексі талаптарына сәйкес ұйымдар арасында белгілі бір жұмыстарды атқаруға жасақталған келісім шарттар заңды құжат болып табылғандықтан «Радифон» ЖШС-і аталған келісім шарттар түпнұсқасын Сізге ұсына алмайтындығын қаперіңізге береді.

Директор **Қуанышев А.Қ.**